

FTAMP: 15.41.61

<https://doi.org/10.26577/JPsS20269615>

**А.Т. Сахыбаева¹, О.Х. Аймаганбетова¹, А.Л. Нурмаханбетов^{1*},
Н.В. Хазратова², С.А. Аликулова³, А.Т. Жумагулова³**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Вармия-Мазури университеті, Ольштын, Польша

³М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

*e-mail: fhtrt@mail.ru

ЭТНОСАРАЛЫҚ ШИЕЛЕНІС ЖАҒДАЙЫНДА СЕНІМНІҢ МЕДИАТОРЛЫҚ РӨЛІ

Қазақстанның көпэтносты қоғамында сенім мен этникалық төзімділік этносаралық қатынастардың тұрақтылығының маңызды шарттары болып табылады. Дағдарыс кезеңдерінде этникалық фактордың рөлі артып, ол бір жағынан этникалық бірегейлікті күшейтуге, екінші жағынан этноцентризм қаупінің туындауына да алып келуі мүмкін. Сондықтан сенімнің медиатор ретіндегі рөлін зерттеу айрықша өзекті етеді.

Зерттеудің мақсаты – сенімнің әртүрлі этноұлттық ұстанымдар (патриоттық, ұлттық, бейтарап және негативистік) мен этникалық төзімділік арасындағы өзара байланыстағы рөлін анықтау. Болжам бойынша, сенім теріс ұстанымдардың тікелей әсерін әлсіретіп, оң әсерлерді күшейтеді және этносаралық шиеленістің ушығуына жол бермейді.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы толеранттылықтың қалыптасуындағы психологиялық механизмдерді нақтылауында, ал практикалық маңыздылығы – этносаралық қақтығыстардың алдын алу және әлеуметтік бірлікті нығайту үшін алынған нәтижелерді қолдану мүмкіндігінде.

Әдіснама негізіне генерализденген сенім шкаласы (Е.А. Власенконың бейімделуі), этноұлттық ұстанымдар сауалнамасы (О.Е. Хухлаев және әріптестері) және «Төзімділік индексі» (Г.У. Солдатова және әріптестерінің әдістемесі, О.А. Гулевич және т.б. бейімдеуі) алынды. Зерттеуге Алматы қаласының 208 тұрғыны қатысты. Мәліметтерді талдау IBM SPSS Statistics 27 бағдарламасында А. Науес әзірлеген PROCESS пакеті арқылы жүргізілді (4-модель, 5000 іріктемелі бутстрэппинг).

Нәтижелер көрсеткендей, сенімнің патриоттық ұстанымдар үшін толық медиатор, бейтарап және негативистік ұстанымдар үшін ішінара медиатор болып шықты, ал ұлттық ұстанымдар этникалық толеранттылықпен тікелей және оң байланысты екенін көрсетті. Мұндай профиль қазақстандық контекстімен түсіндіріледі: мұнда ұлттық ұстанымдар азаматтық бірегейлік пен мәдениетке деген мақтанш ретінде, ал негативизм этносаясаттан алшақтық ретінде қарастырылады.

Зерттеудің құндылығы – сенімнің этносаралық интеграция ресурсы ретіндегі әмбебап рөлін айқындау. Алынған нәтижелердің практикалық маңызы – оларды этносаралық келісім мен әлеуметтік бірлікті нығайту стратегияларын әзірлеуде қолдану мүмкіндігі.

Түйін сөздер: сенім, этникалық төзімділік, этноұлттық ұстанымдар, медиаторлық талдау, көп этносты қоғам.

A. Sakhybaeva¹, O. Aimaganbetova¹, A. Nurmakhanbetov^{1*},
N. Khazratova², S. Alikulova³, A. Zhumagulova³

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²University of Warmia and Mazury, Olsztyn, Poland

³Taraz University named after M.Kh.Dulaty, Taraz, Kazakhstan

*e-mail: fhtrt@mail.ru

The mediating role of trust in the context of interethnic tension

In Kazakhstan's multiethnic society, trust and ethnic tolerance are key conditions for the stability of interethnic relations. The growing role of ethnicity in times of crisis can lead both to an increase in ethnic identity and to risks of ethnocentrism, which makes the study of trust as a mediator particularly relevant.

The aim of the study was to identify the role of generalized trust in the relationship between different types of ethnonational attitudes – patriotic, nationalist, neutral, and negativist – and ethnic tolerance. It was assumed that trust reduces the direct impact of negative attitudes and enhances positive effects, preventing the escalation of interethnic tensions.

The scientific significance of the study lies in clarifying the psychological mechanisms underlying the formation of tolerance, while its practical significance lies in the possibility of using the findings to

The methodology included the General Trust Scale (adapted by E.A. Vlasenko), the questionnaire of ethnonational attitudes (O.E. Khukhlaev et al.), and the "Tolerance Index" (G.U. Soldatova et al., adapted by O.A. Gulevich et al.). The study involved 208 residents of Almaty. Data analysis was performed in IBM SPSS Statistics 27 using PROCESS by A. Hayes (Model 4, bootstrap with 5000 samples).

The results showed that trust acts as a full mediator for patriotic attitudes, a partial mediator for neutral and negativist attitudes, while nationalist attitudes were directly and positively associated with tolerance. This pattern can be explained by the Kazakhstani context, where nationalism is interpreted as civic identity and pride in culture, and negativism as distancing from ethnopolicization.

The value of the study lies in identifying the universal role of trust as a resource of interethnic integration. The practical significance of the findings is their applicability in the development of strategies to strengthen interethnic harmony and social cohesion.

Keywords: trust, ethnic tolerance, ethnonational attitudes, mediation analysis, multiethnic society.

А.Т. Сахыбаева¹, О.Х. Аймаганбетова¹, А.А. Нурмаханбетов^{1*},
Н.В. Хазратова², С.А. Аликулова³, А.Т. Жумагулова³

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Варминьско-Мазурский университет, Ольштын, Польша

³Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

*e-mail: fhtrt@mail.ru

Медиаторная роль доверия в условиях межэтнической напряжённости

В полиэтничном обществе Казахстана доверие и этническая толерантность выступают важными условиями стабильности межэтнических отношений. Усиление роли этничности в периоды кризисов может приводить как к росту этнической идентичности, так и к рискам этноцентризма, что делает изучение доверия как медиатора особенно актуальным.

Цель исследования заключалась в выявлении роли генерализованного доверия во взаимосвязи различных этнонациональных установок – патриотических, националистических, нейтральных и негативистских – с этнической толерантностью. Предполагалось, что доверие снижает прямое влияние негативных установок и усиливает позитивные эффекты, препятствуя росту межэтнической напряжённости.

Научная значимость работы состоит в уточнении психологических механизмов формирования толерантности, практическая – в возможности использовать результаты для профилактики межэтнических конфликтов и укрепления социальной сплочённости.

Методология включала шкалу генерализованного доверия (адаптация Е.А. Власенко), опросник этнонациональных установок (О.Е. Хухлаев и соавт.) и «Индекс толерантности» (Г.У. Солдатова и соавт. в адаптации О.А. Гулевич и др.). В исследовании приняли участие 208 жителей Алматы. Анализ проведён в IBM SPSS Statistics 27 с использованием PROCESS by A. Hayes (модель 4, бутстрэппинг 5000 выборок).

Результаты показали, что доверие выступает полным медиатором для патриотических установок, частичным – для нейтральных и негативистских, тогда как националистические установки напрямую положительно связаны с толерантностью. Такой профиль объясняется казахстанским контекстом, где национализм трактуется как гражданская идентичность, а негативизм – как дистанцированность от этнополитики.

Ценность исследования состоит в выявлении универсальной роли доверия как ресурса межэтнической интеграции. Практическое значение результатов заключается в их применимости при разработке стратегий укрепления межэтнического согласия и социальной сплочённости.

Ключевые слова: доверие, этническая толерантность, этнонациональные установки, медиаторный анализ, полиэтничное общество.

Кіріспе

Көпэтносты мемлекеттерде әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар мен саяси шиеленістер кезеңінде этникалық фактордың ролі занды түрде артады, бұл жалпы әлеуметтік шиеленістің этносаралық шиеленіске айналуымен қатар жүреді (Солдатова, 1998). «Этникалық ренессанс» құбылысы негізінен жағымды сипатқа ие,

себебі ол этномәдени әртүрлілік пен этникалық тәжірибе құндылығының өзектілігімен байланысты. Алайда этникалық фактордың өсуі этноцентризмнің күшеюіне ықпал етеді, бұл «өз» және «бөгде» арасындағы айырмашылықтарды күшейтіп, айқындап, этносаралық шиеленістің артуына себеп болады (Шлягина & Ениколопов, 2011). Сонымен қатар Н.А. Алпеисова этносаралық шиеленіс ұғымының бастапқыда жағымсыз

немесе бағалаушы мағынаға ие емес екенін және оны этносаралық қатынастарды төзімділік пен толеранттылық негізінде құрудың шарты ретінде қарастыруға болатынын атап өтеді (Алпеисова, 2010).

Толеранттылық ұстанымдарын қалыптастыру адамның түрлі этникалық топтар өкілдерімен келісім мен сенімді қарым-қатынасты қолдауға бағытталған мінез-құлық мотивациясын қалыптастырумен тығыз байланысты (Асмолов және т.б., 2001). Бұл контексте сенім мен этноұлттық ұстанымдар өзгешелікке деген қатынас формасы және белгісіздік жағдайында алдын ала болжау механизмі ретінде көрінеді. Осындай алдын ала болжау негізінде «өзгеге» деген белгілі бір қатынас қалыптасады, ол этносаралық өзара әрекеттесудегі күтулерді анықтайды. Бұл жағдайда толеранттылық өзгеге деген ерекше қатынасқа сүйенеді, ол қорқыныштың болмауына негізделеді, ал сенім этносаралық толеранттылықты қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі (Скрипкина, 2002).

Қазіргі зерттеулер этносаралық қатынастарды үйлестіруде топаралық сенімнің маңызды рөл атқаратынын, әлеуметтік интеграцияның маңызды шарты екенін, «әлеуметтік желім» рөлін атқаратынын және өзара әрекеттесу мен ынтымақтастықты қамтамасыз ететін просоциалды делдал екенін растайды (Татарко және т.б., 2019; Dinesen & Sønderkov, 2018).

J.F. Helliwell & S. Wang (2010) сенімді тұрақсыз этносоциалды өзара әрекеттесулерді жеңудің психологиялық ресурсы ретінде қарастырады. А.Н. Татарко (2021) басқа этникалық топтар өкілдеріне деген сенім тұлғаның көпмәдениетті ортаға интеграциясында маңызды рөл атқаратынын және этникалық әртүрлілікке жағымды қатынастың жетіспеушілігін өтей алатынын, себебі ол «өнімді қоғамдық қатынастардың катализаторы» ретінде әрекет ететінін атап өтеді.

С.Д. Гуриева (2021) сенім әлеуметтік өзара әрекеттесудің сапасы мен тиімділігін анықтайтынын және этносаралық өзара әрекеттесудің табысты болуындағы негізгі шарт екенін, ортақ мүдделер мен әлеуметтік қауіпсіздікті қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді. Осыған ұқсас көзқарасты шетелдік зерттеушілер де ұстанады: Soobin Choi және Moosung Lee (2021) полиэтникалық қоғамдағы сенім әртүрлі шыққан адамдар мен топтар арасындағы байланыстырушы буын ретінде әрекет етіп, интеграция мен әлеуметтік бірлікті қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты этносаралық шиеленіс жағдайында медиатор ретінде сенімді зерттеу қазіргі әлеуметтік психологияның өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Мақалада этносаралық шиеленіс этникалық толеранттылықтың төмендеуі және жағымсыз этноұлттық ұстанымдардың күшеюі арқылы көрінетін латентті конструкт ретінде қарастырылады. Негізгі зерттеу сұрағы – жалпыланған сенім осы өзара байланыстарда медиатор ретінде әрекет ете ме, яғни этноұлттық ұстанымдар мен толеранттылықтың этносаралық шиеленіс көріністеріне қалай бейімделетінін түсіндіретін механизм бола ма. Болжам бойынша, «адамдарға жалпы» деген сенім жағымсыз ұстанымдар мен төзімділіктің жетіспеушілігінің тікелей әсерін төмендетеді, шиеленіс потенциалын өңдейтін және оның ашық этносаралық қақтығысқа айналуына жол бермейтін «делдал» рөлін атқарады.

Осы зерттеуде талдаудың орталық объектісі ретінде сенім қарастырылады – этносаралық шиеленіс жағдайында этноұлттық ұстанымдар мен этникалық төзімділік арасындағы өзара байланысты жанама түрде реттейтін психологиялық фактор.

Зерттеудің мақсаты – жалпыланған сенімнің медиатор ретіндегі рөлін анықтау, ол арқылы әртүрлі типтегі этноұлттық ұстанымдар этникалық төзімділік деңгейіне әсер етеді.

Зерттеудің келесі сұрақтары қойылды:

1. Жалпыланған сенім әртүрлі типтегі этноұлттық ұстанымдар (патриоттық, ұлтшылдық, бейтарап және негативистік) мен этникалық толеранттылық арасындағы өзара байланыста маңызды медиатор ретінде әрекет ете ме?

2. Сенім арқылы этноұлттық ұстанымдардың этникалық толеранттылыққа жанама әсерінің күші мен бағыты ұстаным типіне байланысты қаншалықты ерекшеленеді?

3. Этносаралық шиеленіс жағдайында этноұлттық ұстанымдардың этникалық толеранттылыққа тікелей және жанама әсерлерінің арақатынасы қандай?

Әдебиеттерге шолу

Зерттеудің негізгі тұжырымдамасы – сенім болғандықтан, оның әртүрлі тәсілдер арқылы қалай түсіндірілетінін нақтылау маңызды.

Сенім құбылысы әр түрлі авторлармен күту, орнату, көзқарас, күй, сезім, әлеуметтік алмасу және ақпарат беру процесі ретінде анықталады (Альборова және басқалар, 2023). Ол сондай-

-ақ жеке және топтық қасиет, әлеуметтік және топтық көңіл-күй ретінде қарастырылады. Сенім – бұл әлеуметтік топ пен оның жекелеген өкілдерінің қарым-қатынасындағы тәуекелдерді реттеу мен азайтудың өзіндік тетігі. Этносаралық контекстегі сенім қоғамдық өмірдің маңызды элементі ретінде әрекет етеді (Почебут және басқалар, 2018).

P. Dinesen өзінің мета-талдауында авторларымен (2020) сенімнің төрт тұжырымдамалық және эмпирикалық әр түрлі формаларын қарастырады: (1) бейтаныс адамдарға деген сенім немесе қазіргі қоғамдардың негізгі ресурсы ретінде қарастырылатын жалпыланған әлеуметтік сенім; (2) сыртқы топқа (out-group trust), яғни басқалардың өкілдеріне деген сенім (3) ішкі топқа (in-group trust), мысалы, оның этникалық тобына немесе отандастарына деген сенім, бұл сыртқы топқа деген сенімге айна тәрізді қарама-қарсы емес; (4) көршілерге деген сенім (trust in neighbors) кеңістіктік жақындыққа негізделген және әсіресе көпұлтты қауымдастықтар үшін маңызды.

Сенім қоғамдастық ішіндегі мәселелерді бірлесіп шешуге және ынтымақтастыққа дайындықты қамтамасыз ететін ұжымдық ресурс ретінде әрекет етеді. Сенімнің жоғары деңгейі ұжымдық шешімдерді табуды жеңілдетеді, ал сенімсіздік көбінесе жағымсыз стереотиптермен, қауіп-қатер сезімімен немесе топаралық қатынастармен байланысты. Сенімсіздік көбінесе теріс стереотиптерден, басқа топтардың қауіп-қатер сезімдерінен немесе топтар арасындағы қақтығыстардан туындайды. Топтар арасындағы байланыстар басқа қақтығыстарға қарсы дұшпандық пен төзбеушілік деңгейін төмендетуі мүмкін (Dinesen et al., 2020).

Көптеген зерттеулер топаралық байланыстар мен толеранттылық арасындағы оң байланысты растайды (Pettigrew et al., 2011). Алайда, Г. Олпорттың (1954) классикалық гипотезасында оң әсер тек «оңтайлы жағдайларда» – топтардың тең мәртебесі мен ортақ мақсатқа жету үшін бірлескен әрекет болған жағдайда ғана мүмкін екені көрсетілген. Сонымен қатар толеранттылық пен сенім әрдайым өзара байланысты емес, себебі сенім әлеуметтік қатынастардың неғұрлым терең деңгейі ретінде қарастырылуы мүмкін. Мысалы, біреуге толерантты болуға болады, бірақ бұл адамның сенімге лайық екеніне күмәндануға болады (Uslaner et al., 2015).

Толеранттылық әлеуметтік өлшемде тиімді коммуникацияның негізі ретінде көрінеді. Эт-

носаралық қатынастарда ол келісімге және кез келген этникалық және діни айырмашылықтарға қарамастан халық өкілдерімен байланыс орнатуға дайындыққа негізделген өзара әрекеттесу ретінде көрінеді. Көпэтносты қоғамда этносаралық толеранттылықты сақтау үшін этникалық бірегейліктің оң дамуы қажет, оған өз этникалық тобына да, басқа этникалық топтарға да жағымды қатынас, бөгде этникалық ортаға жауласу болмауы, сондай-ақ мәдени айырмашылықтарды жағымды немесе бейтарап қабылдау кіреді (Дробижева & Рыжова, 2010).

Эмпирикалық деректер этносаралық өзара әрекеттесудің болмауы алдын ала пікірлерді күшейтетінін көрсетеді (Thomsen et al., 2021; Lundasen, 2023). Басқаларды «өз» немесе «бөгде» ретінде қабылдау тәрбиеден (Uslaner et al., 2015), сондай-ақ айырмашылықтарға назар аударуды күшейте алатын саяси дискурстан тәуелді. Мысалы, Швециядағы зерттеулер саяси пікірталастардың әсерінен топаралық байланыстарды қабылдаудағы поляризацияның артқанын көрсетті (Munobwa et al., 2021).

Байланыстар көпэтносты және бірэтносты өмір тұрғындары үшін әртүрлі мағынаға ие: біріншіден, олар күнделікті өмірдің табиғи бөлігі ретінде көрінеді, екіншіден – ерекше жағдай ретінде қалуы мүмкін (Laurence et al., 2018). Сенім көбінесе этносаралық өзара әрекеттесу тәжірибесіне негізделеді. Сенімді қалыптастыру үшін ең болмағанда минималды жағымды тәжірибе қажет, ал теріс тәжірибе сенім деңгейінің төмен болуымен тұрақты түрде байланысты (Thomsen et al., 2021; Achbari et al., 2021).

Егер топаралық байланыс тәжірибесі теріс болып қабылданса, ол барлық сыртқы этникалық топтарға жалпылануы мүмкін (Fuochi et al., 2020). Зерттеулер асимметрияны көрсетеді: теріс тәжірибеге көбірек мән беріледі және ол төмен сенім жағдайында басқалардың мінез-құлқының неғұрлым шынайы көрінісі ретінде қабылданады. Бұдан бөлек, егер адамдар басқаларға сенуге болмайды деп әрекет етсе, олар керісінше дәлел алуға сирек мүмкіндік алады, себебі сенім білдіретін мінез-құлықтан бас тартады.

Сонымен қатар көптеген қазіргі зерттеулер жағымды этносаралық байланыстар «басқаларға» деген сенімді арттырып, неғұрлым ашық этноұлттық ұстанымдарды қалыптастыруға ықпал ететінін растайды. Мәселен, Pettigrew және Tropp (2011) 500-ден астам іріктемеге негізделген мета-талдауында жағымды топаралық байланыс алдын ала пікірлердің төмендеуімен және

сенімнің артуымен тұрақты түрде байланысты екенін көрсетті. Christ, Schmid & Wagner (2014) зерттеуінде этникалық топтар өкілдері арасындағы жағымды байланыстар топаралық сенімді тіпті қауымдастық деңгейінде де арттыратыны, жеке тәжірибеден тыс таралатыны анықталды. Nedelisky&Nussbaum (2021) жағымды өзара әрекеттесу басқа этникалық топтар өкілдерімен ынтымақтастыққа ашықтық пен дайындық ұстанымдарын қалыптастыратынын атап өтеді. Керісінше, теріс тәжірибе сенімсіздік, алдын ала пікір және қашқақтау ұстанымдарының орнығуына әкеледі.

Осылайша, сенім этноұлттық ұстанымдардың этносаралық толеранттылық деңгейіне әсерін жанама түрде реттейтін негізгі психологиялық механизм ретінде әрекет етеді. Жағымды топаралық байланыс тәжірибесі сенімнің артуына және ашық ұстанымдардың қалыптасуына ықпал етеді, ал теріс тәжірибе керісінше – алдын ала пікірлер мен сенімсіздікті күшейтеді. Бұл процестердің асимметриялы сипатын ескере отырып, сенімнің медиаторлық ролін зерттеу этносаралық шиеленістің қалыптасу механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қазақстан контекстінде мұндай зерттеулер бұрын жүргізілмеген, бұл ұсынылған тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу мақсатында топаралық қабылдау мен өзара әрекеттесудің әртүрлі аспектілерін бағалауға арналған үш психодиагностикалық әдістемеден тұратын кешен қолданылды. Мұндай тәсіл сенімді этноұлттық ұстанымдар мен толеранттылық деңгейін диагностикалау арқылы өлшеуге мүмкіндік беріп, этносаралық қатынастардың психологиялық детерминанттары туралы тұтас түсінік алуға жағдай жасады.

Жалпыланған сенім деңгейі (Т) Т. Ямагишидің (1994) түпнұсқасындағы және Е.А. Власенконың (2022) бейімделуіндегі General Trust Scale көмегімен өлшенді. Бұл құрал респонденттердің басқа этникалық топтардың өкілдерін сенімге лайық деп қабылдауға және оларды «өз адамдары» категориясына қосуға дайындығын бағалауға мүмкіндік береді.

Этноұлттық ұстанымдарды диагностикалау үшін О.Е. Хухлаева, И.М. Кузнецова және Н.В. Ткаченко (2014) әзірлеген шкала қолданылды, ол төрт түрлі ұстаным түрін анықтауға мүмкіндік береді: патриоттық (РА), ұлтшыл-

дық (NA), бейтарап (NtEA) және негативистік (NgEA).

Этникалық әртүрлілікке жеке толеранттылық көріністері (ЕТ) Г.У. Солдатова және авторлар әзірлеген, О.А. Гулевич, Е.Р. Агадуллина және О.Е. Хухлаева (2011) бейімдеген «Толеранттылық индексі» экспресс-сауалнамасы арқылы анықталды.

Қосымша түрде әлеуметтік-демографиялық деректер жиналды (жынысы, жасы, білімі, діни және этникалық тиістілігі), олар нәтижелерді социомәдени контексте түсіндіру үшін қажет болды.

Зерттеуге Алматы қаласында тұратын 208 респондент қатысты. Қатысушылардың орташа жасы 21,1 жасты құрады. Білім деңгейі бойынша қатысушылардың 57,2% жоғары білім алған, 32,2% – аяқталмаған жоғары біліммен, 5,3% – ғылыми дәрежесі бар, 1% – орта арнаулы оқу орындарының түлектері, ал 4,3% – орта біліммен шектелген. Діни тиістілігі бойынша 78,8% ислам дінін ұстанатындарын көрсетті, 11,1% өзін дінсіз ретінде сипаттаған, 7,2% – православие дінін ұстанады, ал қалған респонденттер басқа конфессияларға жатады.

Этникалық құрамы бойынша зерттеуге қатысушылардың 76,4% – қазақтар, 5,3% – орыстар, 4,8% – өзбектер, 5,8% – метистер, 2,4% – ұйғырлар, 1,9% – кәрістер және 3,4% басқа этностардың өкілдері болып табылады.

Жиналған деректер IBM SPSS Statistics бағдарламасының 27-нұсқасы арқылы өңделді. Зерттеу шеңберінде қойылған гипотезаларды тексеру үшін Andrew F. Hayes әзірлеген PROCESS макропакеті қолданылды (5.0-нұсқа, 4-модель), ол медиаторлық талдау жүргізуге арналған.

Медиаторлық талдау (Hayes, 2022) – бұл статистикалық әдіс, ол үшінші айнымалының (медиатордың) тәуелсіз айнымалы (X) мен тәуелді айнымалы (Y) арасындағы байланысты жанама түрде жүзеге асыратынын анықтауға мүмкіндік береді. Осы зерттеуде медиатор ролінде сенім қарастырылды, ал тәуелсіз айнымалылар ретінде әртүрлі типтегі этноұлттық ұстанымдар, тәуелді айнымалы ретінде – этникалық толеранттылық алынған. Мұндай тәсіл этноұлттық ұстанымдардың толеранттылыққа әсерінің тікелей болуын немесе сенім арқылы жанама түрде жүзеге асуын анықтауға, сондай-ақ жанама әсердің бағыты мен күшін бағалауға мүмкіндік береді.

Жанама әсерлер бутстрэппинг әдісімен, 5000 іріктеме арқылы, 95% сенімділік интервалдарын

есептеу негізінде бағаланды. Статистикалық маңыздылық деңгейі $p < 0,05$ ретінде қабылданды.

Нәтижелер және талқылау

Этносаралық шиеленістің аспектілерін анықтау үшін этноұлттық ұстанымдардың сенім арқылы этникалық төзімділік деңгейіне қалай әсер ететінін талдау маңызды. Осы мақсатта зерттеуде медиаторлық талдау қолданылды, ол көрсетілген байланыстардың тікелей және жанама әсерлерін анықтауға мүмкіндік береді. Медиаторлық талдау нәтижелері 1 және 2-кестелерде ұсынылған.

Талдау нәтижесінде патриоттық ұстанымдар (РА) сенім деңгейімен (Т) айтарлықтай оң байланыста екені анықталды, бұл а жолының коэффициентімен дәлелденеді ($B = 0,3343$; $p = 0,0015$). Өз кезегінде, сенім этникалық то-

леранттылыққа (ЕТ) айқын оң әсер етті, b жолы бойынша ($B = 0,3639$; $p < 0,001$). Патриоттық ұстанымдар мен этникалық толеранттылық арасындағы тікелей байланыс (с') статистикалық тұрғыда мәнді болмады ($B = 0,1571$; $p = 0,1828$), бұл сенімді есепке алғанда, патриотизмнің толеранттылыққа әсері жойылатынын көрсетеді. Сонымен қатар жанама әсер (ab) 0,1216-ға тең болды және ол статистикалық тұрғыда мәнді болып шықты: бутстрэп сенімділік интервалы (0,0264; 0,2329) нөлдік мәнді қамтымайды. Бұл сенімнің медиатор ретінде толық рөл атқаратынын, яғни патриоттық ұстанымдар мен этникалық толеранттылық арасындағы байланысты толық жанама жолмен жүзеге асыратынын білдіреді. Басқаша айтқанда, патриоттық ұстанымдар өздігінен төзімділікті тікелей арттырмайды, бірақ сенім деңгейін жоғарылату арқылы этникалық толеранттылықтың артуына ықпал етеді.

1-кесте – Медиаторлық талдаудың регрессиялық модельдерінің жиынтық кестесі

Модель	А жолы (X→M)	В жолы (M→Y)	С' жолы (X→Y)
РА → Т → ЕТ	0.3343 ($p = 0.0015$)	0.3639 ($p < 0.001$)	0.1571 ($p = 0.1828$)
NtEA → Т → ЕТ	0.3680 ($p = 0.0003$)	0.3435 ($p < 0.001$)	0.2549 ($p = 0.0260$)
NA → Т → ЕТ	0.0236 ($p = 0.8053$)	0.3829 ($p < 0.001$)	0.2770 ($p = 0.0069$)
NgEA → Т → ЕТ	0.4388 ($p = 0.0001$)	0.2964 ($p < 0.001$)	0.5516 ($p < 0.001$)

Ескерту: NA – ұлтшылдық көзқарастар; РА – патриоттық көзқарастар; NtEA – бейтарап этноұлттық көзқарастар; NgEA – негативтік этноұлттық көзқарастар; Т – сенім (доверие); ЕТ – этникалық төзімділік (этническая толерантность).

2-кесте – Жанама әсерлердің жиынтық кестесі

Модель	Жанама әсер ab	95% сенімділік интервал (bootstrap)
РА → Т → ЕТ	0.1216	(0.0264; 0.2329)
NtEA → Т → ЕТ	0.1264	(0.0251; 0.2648)
NA → Т → ЕТ	0.0090	(-0.0851; 0.1156)
NgEA → Т → ЕТ	0.1300	(0.0324; 0.2466)

Нейтрал этноұлттық ұстанымдар (NtEA) сенім деңгейіне (Т) елеулі оң әсер етеді, а жолы бойынша ($B = 0,3680$; $p = 0,0003$). Сенім өз кезегінде этникалық толеранттылықпен (ЕТ) де елеулі және оң байланыста, b жолы бойынша ($B = 0,3435$; $p < 0,001$). NtEA-ның этникалық то-

леранттылыққа тікелей әсері (с') статистикалық тұрғыдан маңызды болып шықты ($B = 0,2549$; $p = 0,0260$), дегенмен медиаторлық әсерге қарағанда әлсіздеу. Жанама әсер (ab) 0,1264-ке тең болды және статистикалық тұрғыдан маңызды деп танылды: bootstrap арқылы алынған сенім-

ділік интервалы (0,0251; 0,2648) нөлді қамтымайды. Сенім нейтрал этноұлттық ұстанымдар мен этникалық толеранттылық арасындағы байланысты ішінара опосредует. Бұл NtEA-ның толеранттылық деңгейін тікелей де, жанама түрде – сенімнің артуы арқылы да арттыратынын көрсетеді. Осы модельде тікелей және жанама әсердің үйлесімі байқалады, бұл өзара байланыстың неғұрлым тұрақты және көпдеңгейлі құрылымын білдіреді.

Медиаторлық талдау деректері сенімнің – патриоттық және бейгарап сияқты позитивті ұстанымдар арқылы этникалық төзімділікті арттыратын негізгі механизм екенін көрсетеді.

Ұлтшылдық ұстанымдардың (NA) сенім деңгейіне (T) әсері статистикалық тұрғыда маңызды болмады, а жолы ($B = 0.0236$; $p = 0.8053$), бұл ұлтшылдықтың көрініс табу деңгейі мен сенім арасында байланыс жоқ екенін білдіреді. Сонымен қатар сенім этникалық төзімділік деңгейін (ET) елеулі түрде арттырады, b жолы ($B = 0.3829$; $p < 0.001$), бұл оның төзімділік ұстанымдарын қолдаудағы маңызды рөлін дәлелдейді. Ұлтшылдық ұстанымдардан этникалық төзімділікке бағытталған тікелей әсер (c') статистикалық тұрғыда маңызды және оң болды ($B = 0.2770$; $p = 0.0069$), яғни медиатор бақылғанда да тікелей әсер сақталады. Жанама әсер (ab) статистикалық тұрғыда маңызды болмады (0.0090, 95% bootstrap сенімділік аралығы –0.0851; 0.1156), себебі аралық нөлді қамтиды. Демек, сенім ұлтшылдық ұстанымдар мен этникалық төзімділік арасындағы байланысты делдалдамайды. Бұл жағдайда этникалық төзімділік тікелей түрде ұлтшылдық ұстанымдардың деңгейімен анықталады, ал сенім дербес, бірақ тәуелсіз рөл атқарады.

Негативистік этноұлттық ұстанымдар (NgEA) сенім деңгейін (T) маңызды әрі оң болжайды, а жолы ($B = 0,4388$; $p = 0,0001$). Өз кезегінде, сенім этникалық төзімділікке (ET) айқын және статистикалық маңызды әсер етеді, b жолы ($B = 0,2964$; $p < 0,001$). NgEA-дан этникалық төзімділікке тікелей әсер (c') де маңызды болып шықты ($B = 0,5516$; $p < 0,001$), бұл күшті тікелей әсердің бар екенін көрсетеді. Жанама әсер (ab) 0,1300 құрады және статистикалық маңызды болды: bootstrap сенімділік аралығы (0,0324; 0,2466) нөлді қамтымайды. Сенім негативистік ұстанымдар мен этникалық төзімділік арасындағы байланысты жартылай делдалдайды. Сонымен бірге төзімділіктің өзгеруіне негізгі үлес NgEA-ның тікелей әсерінен келеді, ал сенім ар-

қылы өтетін медиаторлық жол модельдің жалпы болжамдық күшін арттырады. Тікелей және жанама әсерлердің мұндай үйлесімі негативистік ұстанымдардың этникалық төзімділік деңгейіне тұрақты әрі кешенді ықпалын көрсетеді.

Алынған нәтижелер ұлттық (NA) және негативистік (NgEA) этноұлттық ұстанымдардың этникалық төзімділікпен оң байланысты екенін білдіреді. Бұл классикалық ұлтшылдық пен негативизмнің сенім мен төзімділікті бұзатын факторлар ретінде қарастырылатынына қарамастан, полиэтникалық Қазақстан қоғамының жағдайында мұндай нәтижелер өз түсінігін табады.

Біріншіден, осы контекстте ұлтшылдық ксенофобия немесе этноцентризм ретінде емес, этникалық бірегейлікті нығайту, өз мәдениетіне мақтаныш сезімін білдіру және этникалық тиістілікті түсіну ретінде қабылдануы мүмкін. Мұндай «азаматтық» немесе «инклюзивті» ұлтшылдық басқа этностарға қарсы тұрмайды, керісінше, бірлесіп өмір сүруге деген оң көзқарасты қалыптастырады және этнокультурлық әртүрліліктің құндылығын айқындайды. Сондықтан ұлтшылдық ұстанымдарының төзімділікпен тікелей оң байланысы дәл осы феноменді көрсете алады.

Екіншіден, Қазақстанның ерекше контекстінде негативистік ұстанымдар (NgEA) басқа мағынаға ие болуы мүмкін. Олар міндетті түрде басқа этностарға қарсы тұруды білдірмей, этнополитикалық мәселелерге күмәнмен қарау немесе ара қашықтықты білдіруі ықтимал. Мұндай көзқарас этностар арасындағы кернеуді азайтуы мүмкін, себебі назар этникалық тиістіліктен жалпы азаматтық бірегейлік пен күнделікті әлеуметтік тәжірибелерге ауысады. Нәтижесінде, этноұлттық саладағы негативизм парадоксалды түрде сенімнің өсуімен және оның арқасында этникалық төзімділіктің артуымен қатар жүруі мүмкін.

Үшіншіден, Қазақстан аумағында әртүрлі ұлт өкілдерінің бірге өмір сүруінің тарихи контексті этникалық әртүрлілік қалыпты нормаға айналған жағдайды туғызды. Ұрпақтар бойы түрлі этностардың көршілік қарым-қатынасы, тіпті айқын этноұлттық ұстанымдар (ұлтшылдық немесе негативизм болса да) болғанымен, этникалық төзімділіктің жалпы деңгейінің жоғары болып қалуына ықпал етті.

Сонымен қатар алынған нәтижелердің ерекшелігі сенім мен этникалық төзімділіктің жалпыланған көрсеткіштеріне негізделуінде болуы мүмкін. Бұл этностар арасындағы айырмашы-

лықтарға емес, этнокультурлық әртүрлілікті қабылдаудың әмбебап механизмдеріне назар аударуды қамтамасыз етеді. Сондықтан да, осы контексте ұлтшылдық пен негативизм төзімділіктің жоғары деңгейімен байланысты болды: олар этникалық ерекшелікті емес, өзіндік сананы нығайту мен әлеуметтік интеграцияның элементтері ретінде қызмет етеді, этностар арасындағы қақтығыстың көзі ретінде емес.

Біздің деректер сенім мен ұлттық өзіндік танымның этностар арасындағы төзімділікті қалыптастырудағы қазіргі заманғы зерттеулер нәтижелерімен үйлеседі. Putnam-ның зерттеуі бойынша, жалпыланған сенім – жеке ұстанымдарды демократиялық институттардың тұрақтылығы мен инклюзивті практикаларға байланыстыратын маңызды әлеуметтік капитал болып табылады; әртүрлілік қысқа мерзімде сенімді төмендетуі мүмкін, бірақ ұзақ мерзімде ынтымақтастық пен төзімділіктің жаңа формаларын қалыптастырады (Putnam, 2007). Ал Pehrson және әріптестерінің жұмысы ұлттық өзіндік таным мен алдын-ала пікірлер арасындағы байланысты контекстке тәуелді екенін көрсетті: азаматтық идентификация арқылы анықталған ұлтшылдық ксенофобияны күшейтпей, мультикультурализм мен этникалық әртүрлілікті қабылдауды қолдауы мүмкін (Pehrson et al., 2009). Барлығын ескере отырып, полиэтникалық Қазақстан жағдайында ұлтшылдық және тіпті негативистік ұстанымдар төзімділіктің төмендеуіне әкелмейтінін түсіндіруге болады, себебі олар жалпыланған сенімге негізделеді және этноцентрлік ерекшеліктен гөрі азаматтық өзіндік анықтаманың формалары ретінде қабылданады.

Қазіргі заманғы зерттеулер этникалық әртүрлілік жағдайында жалпыланған сенімнің этникалық төзімділікті қалыптастырудағы негізгі рөлін растайды. Мысалы, Borgonovi (2022) жұмысы этникалық көптүрліліктің макро деңгейде сенім деңгейін төмендетуі мүмкін екенін көрсетті, алайда бұл әсер топтарға байланысты әртүрлі: азшылықтар үшін көптүрлілік көбіне этностар арасындағы өзара әрекеттестік пен сенім практикасының дамуының қайнар көзі болады. Xia және әріптестері (2021) зерттеуінде жалпыланған сенім радикалды және ұлтшылдық ұстанымдарды төмендететін делдал ретінде әрекет ететіні анықталды: адамдарға деген жалпылама сенім жоғары болған сайын мигранттарға төзімсіздік пен этноцентрлік бағыттардың көрінісі азаяды.

Осылайша, сенім – әртүрлі этноұстанымдардың этникалық төзімділік деңгейіне әсерін бағыттайтын әмбебап әлеуметтік-психологиялық механизм ретінде қызмет етеді. Полиэтникалық Қазақстан жағдайында дәл жалпыланған сенім ұлтшылдық немесе негативизм сияқты ықтимал қақтығыс тудыруы мүмкін ұстанымдарды әлеуметтік бірлік пен интеграция ресурстарына айналдыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген медиаторлық талдау сенімнің этникалық төзімділіктің қалыптасуына әсер ететін негізгі әлеуметтік-психологиялық механизм екенін растады. Патриоттық ұстанымдар (РА) үшін сенім толық медиатор ретінде қызмет етті: төзімділікке тікелей әсер статистикалық маңызды болмады, ал жанама әсер маңызды болды. Бұл патриотизмнің қарастырылып отырған контекстте этникалық төзімділікті тек сенім арқылы арттыратынын білдіреді.

Нейтралды этноұлттық ұстанымдар (NtEA) моделінде ішінара медиация анықталды: тікелей және жанама әсерлер маңызды болды. Бұл нейтралды этноұстанымдардың этникалық төзімділікті тікелей және сенім арқылы жанама түрде арттыратынын көрсетеді. Аталған нәтиже өзара байланыстың кешенді құрылымын растап, сенімнің жалпы оң әсерді күшейтетінін дәлелдейді.

Ұлтшылдық ұстанымдарға (NA) тән басқа байланыс профилі анықталды: сенімнің медиаторлық әсері болмағанымен, этникалық төзімділікке тікелей және маңызды оң әсер байқалды. Бұл нәтиже азаматтық ұлтшылдықтың ерекшелігін көрсетуі мүмкін, мұнда этникалық өзіндік таным мен ұлттық қатыстылық сезімі әлеуметтік интеграцияның ресурстары ретінде қабылданып, төзімділік ұстанымдарына қайшы келмейді.

Негативистік этноұлттық ұстанымдар (NgEA) моделінде этникалық төзімділікке тікелей оң маңызды әсермен қатар, сенім арқылы жанама әсер де анықталды. Яғни, сенім негативистік ұстанымдардың әсерін ішінара делдалдық етіп, олардың жалпы күшін арттырады. Бұл полиэтникалық қоғам жағдайында негативизмнің этнополитикалық мобилизациядан алыстау ретінде көрінуімен, ал этностар арасындағы жауыздықпен тікелей байланыспауымен түсіндірілуі мүмкін.

Жалпы алғанда, алынған мәліметтер сенімнің этноұлттық ұстанымдар мен этникалық төзімділік арасындағы өзара байланысты анықтайтын әмбебап медиатор екенін көрсетеді. Қазақстан контекстінің ерекшелігі ретінде ұлтшылдық пен негативизм сияқты ұстанымдардың төзімділіктің төмендеуіне емес, керісінше оның жоғарылауына ықпал етуі айқындалады. Мұның себебі операциянализация ерекшеліктерімен (жалпыланған сенім мен төзімділіктің өлшенуі, этноселективті көрсеткіштер емес) және түрлі этностардың көп ұрпақ бойғы бірге өмір сүруінің әлеуметтік-мәдени шарттарымен байланысты болуы мүмкін.

Алынған нәтижелер болашақ зерттеулерге бірнеше бағыт ашады. Біріншіден, сенім мен этникалық төзімділікті операциянализациялау кеңейтіліп, жалпыланған көрсеткіштермен қатар этноселективті формалары да енгізілуі қажет.

Бұл өз этникалық тобына және «басқаларға» деген ұстанымдар арасындағы ықтимал айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, Қазақстанның әртүрлі аймақтарында және басқа полиэтникалық қоғамдарда салыстырмалы зерттеулер жүргізу перспективалық бағыт болып табылады, бұл сенім мен этноұстанымдардың рөлін әсер ететін контекстуалдық факторларды анықтауға көмектеседі. Үшіншіден, ұзақ мерзімді (лонгитюдті) мәліметтерді пайдалана отырып талдауды тереңдету этноұстанымдар мен сенімнің әлеуметтік-саяси өзгерістер жағдайындағы төзімділікке әсерінің динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Соңында, модельге топтар арасындағы қауіп сезімі, азаматтық өзіндік таным деңгейі және институционалдық сенім сияқты қосымша айнымалыларды енгізу этникалық төзімділіктің қалыптасу механизмдерін нақтылауға септігін тигізеді.

References

- Achbari, W., Geys, B., & Doosje, B. (2021). Comparing the effect of cross-group friendship on generalized trust to its effect on prejudice. *PLoS One*, 16(2), e0245983.
- Alborova, A. V., Dreeva, S. V., Starchenko V. V. (2023). Problema doveriya v mezhetnicheskikh otnosheniyakh v polikul'turnom sotsiume [The problem of trust in interethnic relations in a multicultural society]. *SibSkript*, 25(2), 240–246. <https://doi.org/10.21603/sibscript-2023-25-2-240-246>
- Allport, G. (1954). *The nature of prejudice*. Addison-Wesley.
- Alpeisova, N.A. (2010). *Kross-kul'turnoe issledovanie mezhetnicheskoi napryazhennosti v usloviyakh polietnicheskogo gosudarstva* [Cross-cultural study of interethnic tension in a multiethnic state]. PhD diss. (Psychology). Almaty: Kazakh National University, 144.
- Borgonovi, F. (2022). Country and regional level mediation-moderation analyses. *Social Indicators Research*, 163, 679–702. <https://doi.org/10.1007/s11205-022-02948-z>
- Choi, S., & Lee, M. (2021). Diversity as an opportunity or a challenge? A cross-national study of ethnic diversity and students' generalized trust. *International Journal of Educational Development*, 80. <https://doi.org/10.1016/j.ijedudev.2020.102301>
- Christ, O., Schmid, K., Wagner, U. (2014). Contextual effect of positive intergroup contact on outgroup prejudice. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 111(11), 3996–4000. <https://doi.org/10.1073/pnas.1320901111>
- Dinesen, P. T., Schaeffer, M., & Sønderskov, K. M. (2020). Ethnic diversity and social trust: A narrative and meta-analytical review. *Annual Review of Political Science*, 23, 441–465. <https://doi.org/10.1146/annurev-polisci-052918-020708>
- Dinesen, P. T., & Sønderskov, K. M. (2018). Ethnic diversity and social trust: A critical review of the literature and suggestions for a research agenda. In E. M. Uslaner (Ed.), *The Oxford Handbook on Social and Political Trust*. Oxford University Press.
- Drobizheva, L.M., Ryzhova S.V. (2010). Rossiiskaya identichnost' i mezhetnicheskaya tolerantnost' [Russian identity and interethnic tolerance]. In: *Sotsial'nye faktory konsolidatsii rossiiskogo obshchestva: sotsiologicheskoe izmerenie* [Social Factors of Consolidation of Russian Society: Sociological Measurement]. Institute of Sociology RAS. Moscow: Novyi Khronograf, 116–135.
- Fuochi, G., Voci, A., Boin, J., & Hewstone, M. (2020). Affective generalization from intergroup contact: Associations between contact-related and outgroup-related empathy, anxiety, and trust. *Group Processes & Intergroup Relations*. <https://doi.org/10.1177/1368430220932662>
- Gurieva, S.D. (2021) *Mezhetnicheskije otnosheniya: garmoniya, napryazhennost', konflikt* [Interethnic relations: harmony, tension, conflict]. *Social Psychology: History and Modernity*. Moscow: INFRA-M, 240–250.
- Hayes, A.F. (2022). *Introduction to mediation, moderation, and conditional process analysis: A regression-based approach* (3rd ed.). New York: Guilford Press.
- Helliwell, J. F., & Wang, S. (2010). Trust and well-being. *National Bureau of Economic Research Working Paper*, 15911.
- Laurence, J., Schmid, K., & Hewstone, M. (2018). Ethnic diversity, inter-group attitudes and countervailing pathways of positive and negative inter-group contact. *Social Indicators Research*, 136(2), 719–749.
- Lundasen, S. W. (2023). Intergroup contacts, neighborhood diversity, and community trust: The asymmetrical impact of negative and positive experiences. *Journal of International Migration & Integration*, 24, 163–188. <https://doi.org/10.1007/s12134-021-00932-z>

- Munobwa, J. S., Ahmadi, F., & Darvishpour, M. (2021). Diversity barometer 2020: Attitudes towards immigration and ethnic diversity in Sweden. *Social Sciences*, 10(10), 401.
- Nedelisky, A., & Nussbaum, M. (2021). Friendship, trust, and global citizenship. *Ethics & Global Politics*, 14(2), 45–63. <https://doi.org/10.1080/16544951.2021.1937281>
- Pehrson, S., Vignoles, V. L., & Brown, R. (2009). National identification and anti-immigrant prejudice: Individual and contextual effects of national definitions. *Social Psychology Quarterly*, 72(1), 24–38. <https://doi.org/10.1177/019027250907200104>
- Pettigrew, T. F., Tropp, L. R., Wagner, U., & Christ, O. (2011). Recent advances in intergroup contact theory. *International Journal of Intercultural Relations*, 35(3), 271–280.
- Pochebut, L.G., Chiker, V.A., Volkova, N.V. (2018). Sotsial'no-psikhologicheskaya model' kognitivnogo sotsial'nogo kapitala organizatsii: kontsepsiya i aspekty issledovaniya [Socio-psychological model of cognitive social capital of an organization: concept and research aspects]. *Organizational Psychology*, 8(2), 47–71.
- Putnam, R. D. (2007). E pluribus unum: Diversity and community in the twenty-first century. *Scandinavian Political Studies*, 30(2), 137–174. <https://doi.org/10.1111/j.1467-9477.2007.00176.x>
- Shlyagina E. I., Enikolopov S. N. (2011) Issledovaniya etnicheskoi tolerantnosti lichnosti [Studies of ethnic tolerance of personality]. *National Psychological Journal*, 2, 80–89.
- Skripkina, T.P. (2002). Doverie k miru kak fundamental'noe uslovie tolerantnosti [Trust in the world as a fundamental condition of tolerance]. Rostov-on-Don.
- Soldatova, G.U. (1998). Psikhologiya mezhetnicheskoi napryazhennosti [Psychology of interethnic tension]. Moscow: Smysl, 389.
- Tatarko, A.N. (2021). Issledovaniya sotsial'nogo kapitala v polikul'turnom obshchestve: teoretiko-metodologicheskie problemy i vazhneishie rezul'taty [Studies of social capital in a multicultural society: theoretical and methodological problems and key results]. *Social Psychology and Society*, 12(4), 34–52.
- Tatarko, A.N., Lepshokova, Z.Kh., Dubrov, D.I. (2019). Doverie kak moderator svyazi otnosheniya k etnicheskomu mnogoobraziyu i akkulturationsnykh ozhidaniy primamayushchego naseleniya [Trust as a moderator of the relationship between attitudes toward ethnic diversity and acculturation expectations of the host population]. *Social Psychology and Society*, 10(1), 92–114. <https://doi.org/10.17759/sps.2019100106>
- Thomsen, J. P. F., Fenger, J., & Jepsen, N. R. (2021). The experiential basis of social trust towards ethnic outgroup members. *Social Indicators Research*, 154(1), 191–209.
- Uslaner, E. M. (2015). Diversity, segregation, and trust. In R. Koopmans, B. Lancee, & M. Schaeffer (Eds.), *Social cohesion and immigration in Europe and North America*. Routledge.
- Xia, W., Huang, X., Wu, Q., & Yang, F. (2021). Attitudes toward immigrants, values, or social capital? Examining predictors of anti-immigrant attitudes in Europe. *Social Science Research*, 100, 102621. <https://doi.org/10.1016/j.ssresearch.2021.102621>

Авторлардың үлесі

Сахыбаева Айгул Темирғалиевна: мақаланың бастапқы нұсқасын жазу, ресми талдау, деректерді өңдеу.
 Аймағанбетова Ольга Хабижановна: нәтижелерді тексеру, мәтінді редакциялау және толықтыру.
 Нурмаханбетов Арман Лесханұлы: бақылау, мәтінді редакциялау және толықтыру, деректерді өңдеу.
 Хазратова Нигора Викторовна: нәтижелерді тексеру, мәтінді редакциялау және толықтыру.
 Аликулова Сабира Амангелдиевна: зерттеу, көрнекі материалдар дайындау.
 Жумагулова Аида Танирбергеновна: зерттеу, көрнекі материалдар дайындау.

Авторлар туралы мәлімет:

Сахыбаева Айгул Темирғалиевна – жалпы және қолданбалы психология кафедрасының докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: maierkew@mail.ru).
 Аймағанбетова Ольга Хабижановна – психология ғылымының докторы, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: alnara25@mail.ru).
 Нурмаханбетов Арман Лесханұлы (корреспондент-автор) – психология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: fhtri@mail.ru).
 Хазратова Нигора Викторовна – психология ғылымдарының докторы, клиникалық, педагогикалық және даму психологиясы кафедрасының профессоры, Вармия-Мазури университеті (Ольштын, Польша, e-mail: nigora.khazratova@uwm.edu.pl).
 Аликулова Сабира Амангелдиевна – арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті (Тараз, Қазақстан, e-mail: enlik_95.kz@mail.ru).
 Жумагулова Аида Танирбергеновна – арнайы және әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті (Тараз, Қазақстан, e-mail: aidajuma@mail.ru).

Information about authors:

Sakhybaeva Aigul – Doctoral student in the Department of General and Applied Psychology at Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: maierkew@mail.ru).
 Aimagambetova Olga – Doctor of Psychological Sciences, Professor, Department of General and Applied Psychology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: alnara25@mail.ru).

Nurmakhanbetov Arman (corresponding author) – Doctor of Psychological Sciences, Professor, Head of the Department of General and Applied Psychology, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: fhtrt@mail.ru).

Khazratova Nigora – Doctor of Psychological Sciences, Professor of the Department of Clinical, Pedagogical and Developmental Psychology, University of Warmia and Mazury (Olsztyn, Poland, nigora.khazratova@uwm.edu.pl).

Alikulova Sabira – Senior Lecturer, Department of Special and Social Pedagogy, Taraz University named after M.Kh. Dulaty (Taraz, Kazakhstan, e-mail: enlik_95.kz@mail.ru).

Zhumagulova Aida – Senior Lecturer, Department of Special and Social Pedagogy, Taraz University named after M.Kh. Dulaty (Taraz, Kazakhstan, e-mail: aidajuma@mail.ru).

Сведения об авторах:

Сахыбаева Айгул Темиргалиевна – докторант кафедры общей и прикладной психологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: maierkew@mail.ru);

Аймаганбетова Ольга Хабижановна – доктор психологических наук, профессор кафедры общей и прикладной психологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: alnara25@mail.ru);

Нурмаханбетов Арман Лесханұлы (автор-корреспондент) – доктор психологических наук, профессор, заведующий кафедрой общей и прикладной психологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: fhtrt@mail.ru);

Хазратова Нигора Викторовна – доктор психологических наук, профессор кафедры клинической, педагогической и психологии развития Варминско-Мазурского университета (Ольштын, Польша, e-mail: nigora.khazratova@uwm.edu.pl);

Аликулова Сабир Амангелдиевна – старший преподаватель кафедры специальной и социальной педагогики Таразского университета имени М.Х. Дулати (Тараз, Казахстан, e-mail: enlik_95.kz@mail.ru);

Жумагулова Аида Танирбергеновна – старший преподаватель кафедры специальной и социальной педагогики Таразского университета имени М.Х. Дулати (Тараз, Казахстан, e-mail: aidajuma@mail.ru).

Келін түсті: 26 тамыз 2025 жыл

Қабылданды: 19 ақпан 2026 жыл